

Ўзбекчилдер ЖАРШЫСЫ

ВЕСТИ Ўзбекшильдерья

14+

● Бейсенбі, 30 қазан 2025 жыл ● № 87 (9949) ● Еркін бағамен сатылады

Аудандық газет
1935 жылдың шілде айынан
бастап шығып келеді

● Жақсы жаңалық

Жаңа аурухана – сапалы медициналық қызметтің кепілі

Ағымдағы жылдың 23 қазанында аудан орталығында жаңа аурухананың салтанатты ашылуы өтті. Бұл – бүкіл аудан тұрғындары үшін көптен күткен және ерекше мәнге ие оқиға. Жаңа нысанда тәулік бойы жұмыс істейтін 45 төсек-орындық стационар және ауысымына 200 адам қабылдай алатын емхана бар. Мекеме заманауи медициналық жабдықтармен толық қамтылған, бұл диагностика мен емдеудің тиімділігін арттырып, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл – өңір тұрғындарының денсаулығын қорғаудағы маңызды қадам.

Салтанатты шараға Ақмола облысы әкімінің орынбасары Алтынай Әміренова, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Ермек, белгілі дәрігерлер Серік Асғанов, Серік Көкенов, аудандық ауруханалардың бас дәрігерлері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, медицина

Жаңа аурухананың ашылуы – халықтың денсаулығына қамқорлық пен медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға деген ұмтылысты көрсететін маңызды әрі мәні терең оқиға. Бұл жай ғана жаңа ғимарат емес – әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың айғағы, мемлекеттің әрбір азаматтың ал-ауқатына деген қамқор көзқарасының көрінісі.

Қазіргі заманғы медициналық мекеме білікті көмек көрсету орталығы ғана емес, сонымен қатар дәрігерлердің, пациенттердің және бүкіл қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіріп, денсаулықты нығайту, аурулардың алдын алу және өмір сапасын арттыру бағытында маңызды рөл атқарады.

қызметкерлері мен аудан тұрғындары қабысты. Алтынай Байқадамқызы жылы лебиз бүдіріп, жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, баршаға зор денсаулық, амандық және ауданның өркендеуін тіледі. Ол жаңа аурухананың ашылуы – медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырудағы маңызды қадам екенін атап өтті.

«Ел Президенті азаматтардың денсаулығы – Әділетті Қазақстанның ертерексі өкенин айтқан болатын. Біз бұл сөздерді нақты істермен дәлелдеп келеміз. Көп жылдар бойы аудандық аурухана өсі ғимаратта жұмыс істеді. Енді оның орнында заманауи жабдықтармен, білікті

мамандармен және барлық жайлылықпен қамтылған жаңа орталық бой көтерді. Бұл – мемлекет қамқорлығының нақты көрінісі», - деді Алтынай Әміренова.

Үш қабатты жаңа ғимараттың құрылымы сапалы медициналық көмек көрсетуге барынша қолайлы етіп ойластырылған. Мұнда терапевтік, хирургиялық, педиатриялық бөлімшелер, күндізгі стационар және тәулігіне 200 адам қабылдай алатын емхана орналасқан. Блоктардың бір-бірімен галереялар арқылы байланысуы пациенттер мен медицина қызметкерлерінің еркін әрі ыңғайлы қозғалуына жағдай жасайды. Жарық өрі кең кабинеттер заманауи медициналық



техникамен жабдықталған. Бұл өз кезегінде тұрғындарға көшенді тексеруден өтіп, сапалы кеңес алып, алдынан тыс жерге шықпай-ақ толыққанды ем алуына мүмкіндік береді.

Степняк қаласында тұған, қырық жылдан астам тәжірибесі бар дәрігер Серік Асғанов та салтанатты іс-шарада сөз сөйлеп, жаңа аудандық аурухананың ашылуы оның өміріндегі ерекше әрі қуанышты оқиға екенін атап өтті. «Бір кездері өсі ғимаратта жұмыс істегенім өсімде. Қыста пеш жағып, науқастарды жайлыта мәжбүр болатынбыз. Ал бүгінде бұл аймақтағы денсаулықты бірінші орында

екенін дәлелдейтін нысан. Ең бастысы – енді балаларымыз бен немерелеріміз өз ауылында сапалы ем ала алады. Бұрын қол жеткізгісіз болған жағдай бүгінде шындыққа айналды», - деді Серік Әлпенұлы.

Ресми бөлімнен кейін қонақтар жаңа аурухананы аралап, медициналық жабдықтар мен және бөлімдердің жұмысымен танысты.

Іс-шара соңында аурухана аумағында шығарылымның символдық рәсімі өтті. Бұл акция – кеталдандыруға, экологиялық игілікке және жаңа медициналық нысан маңында жайлы орта қалыптастыруға деген ұмтылыстың белгісі болды.

Қатысушылардың бірлескен еңбегі – ортақ іске жұмылудың

бірліктің және болашаққа деген жауапкершіліктің нышанына айналды. Бұл іс-шара тек медициналық мекеменің ғана емес, тұтас ауданның әлеуметтік дамуына серпін беретін маңызды оқиға болды.

Жаңа аурухананың ашылуы – ауданның болашағына, тұрғындарының саулығы мен амандығына жасалған маңызды инвестиция. Заманауи медициналық мекеме жоғары сапалы диагностика мен емдеуді қамтамасыз етіп қана қоймай, сондай-ақ пациенттерге қолайлы жағдай жасап, медицина қызметкерлеріне тиімді әрі қауіпсіз еңбек ету мүмкіндігін береді.

Білікті мамандар, заманауи жабдықтар және жақсы ойластырылған инфрақұрылымның үйлесімі арқасында енді аудан тұрғындары облыс орталығына шықпай-ақ сапалы медициналық қызмет ала алады. Жаңа аурухана денсаулық сақтау саласындағы маңызды буына айналып, ұзақ жылдар бойы халық игілігіне қызмет ететін сөзсіз.

Дина АҚШЕВА.



«Қазақстан Республикасы – достық пен бірліктің мекені»

Қазан айының 24 жұлдызында аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы күніне арналған «Қазақстан Республикасы – достық пен бірліктің мекені» атты мерекелік іс-шара өтті.

Жылдың бастауы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туы салтанатты түрде кірізіліп, Мемлекеттік Гимн шығарылды.

Ұлттық мерекенің мәні ашылып, отаншылдық рух, елге және жерге деген сүйіспеншілік кенінен дәріптелді.

Мерекелік шараға аудан әкімі Бауыржан Қасенов арнайы қатысып, аудан тұрғындарын мерейлі мерекемізбен құттықтады.

Атаулы мерекедің қотамын түрлі саласында еңбегімен дараланған азаматтар облыс және аудан әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығы бойынша «Құмис алдақ ақсымен» Шамелхан Сағадат – иәлбалалы ана.

Ақмола облысы әкімі Ахметжанов Марат Мұратұлының атынан «Құрмет грамотасымен».



Бұрмағанова Салтанат Жұмабекқызы – Степняк қаласының зейнеткері.

Ақмола облысы әкімі Ахметжанов Марат Мұратұлының атынан «Алғыс хаттарымен» Әлменов Әліби Мұбаракұлы – ветеринария станциясы Үлгі ауылдық округі ветеринарлық пунктін меңгерушісі.

Сыздықов Уәлихан Тимурұлы – ветеринария станциясы Бірсаут ауылдық округі ветеринарлық пунктін меңгерушісі.

Біржан сал аудан әкімі Қасенов Бауыржан Қазыбекұлының «Алғыс хатымен».

Токсанбаевтар отбасы – өз өмірлерін қатерге тіліп, үш баланы өрттен құтқарып алған, Үлгі ауылының тұрғындары.

Ақышев Қуат Қажыбайұлы – Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары.

Бейсембаева Айсұлу Еркінқызы – Мақпал ауылы негізгі орта мектебінің медбикесі.

Досов Ерболат Маратұлы – полиция бөлімі жасөспірім қозғалысының қолмақшысы.

Жұзбаева Бақыт Кенжебайқызы – Үлгі ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

(Жалғасы 2 бетте).



Көк ту көтерілген күн – ел рухы асқақтаған сәт

Республика күні – еліміздің мемлекет ретінде қалыптасу жолындағы тарихи кезеңді айқындайтын, барша қазақстандықтар үшін аса қастерлі мереке.

Осы атаулы күн аясында аудандық стадионда салтанатты әрі ерекше патриоттық рухтағы шара өтті. Мерекелік тағамдармен қорғалған отансүйгіштік сезімді дәріптеген қуанышты оқиғаға айналды.

Іс-шараға аудан әкімі Бауыржан Қасенов, өкімнің орынбасары Орынбасар Ахметова, жергілікті атқарушы органдардың басшылары, қоғамдастық мүшелері және аудан тұрғындары қатысты.

Салтанатты рәсім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеруден басталып, еліміздің Әнұраны шығарылды. Туды көтеру рәсіміне Мұрас Токсанбаев қатысты. Айта кетейік, Ерлан мен Мұрас Токсанбаевтар 21 қазанда Үлгі ауылында үш баланы өрттен жатқан үйден құтқарып, жарылыстың алдын алған бағыр азаматтар.

Аудан әкімі Бауыржан Қазыбекұлы өз құттықтау сөзінде Республика күнінің маңыздылығына тоқталып, бұл мереке – ел бірлігінің, тәуелсіздіктің және азаматтық

жауапкершіліктің символы екенін атап өтті. «Еліміз баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, көк байрағымыз көкте мәңгі желбірей берсін! Республика күні құтты болсын!», - деді әкім өз сөзінде.

Мерекелік шара барысында аудан өнерпаздары да көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әнші Табиғат Үйсібек орындаған патриоттық ән көрермендерге ерекше әсер қалдырды. Әуезді ән мен елдік рух шараңыз сені келтіріп, патриоттық сезімді асқақтатты.

Мемлекеттік Туды көтеру рәсімі өңір тұрғындарының елге деген сүйіспеншілігін арттырып, өз бұйындары тәуелсіз Қазақстанның ортақ құндылықтары төңірегінде біріктірген маңызды оқиға болды. Бұл күн – өткенге тағзым етіп, келешекке сеніммен қараудың, елдік пен өтемеңдіктің бойында отансүйшілік рухты қалыптастырып, Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағына деген сенімді күшейтуді.

Қуаныш НҰРҚУШЕВА.



«Қазақстан Республикасы – достық пен бірліктің мекені» (Жалғасы. Басы 1 бетте)

Жұматов Марат Діқанбайұлы – Үлгі ауылдық округі әкімі аппаратының жүргізушісі;
Карташов Алексей Юрьевич – Макинск ауылдық округінің электромонтері;
Каримова Гүлбаршын Әбдірашитқызы – «Мейірім» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының заңгері;
Құрмет Қанағат – Үлгі ауылының жалпы орта білім беретін мектебі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Магерко Ольга Анатольевна – «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» мекемесінің Біржан сал ауданы филиалының зерттеушісі;
Сәбитов Жанат Боранбайұлы – станциялық тобының 1 санатты электр байланыс инженері;
Токенова Әсемгүл Жангелдіқызы – экономика және қаржы бөлімінің хатшысы;
Аудандық маслихаттың төрайымы Қуатова Нұрғұл

Сөлменқызының «Алғыс хаттарымен»:
Алдыңғаров Асылхан Қазыбекұлы – «Кәусар» шаруа қожалығының басшысы;
Байманов Қанат Кемелұлы – «Біржан сал ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңгері;
Жүнісов Жанат Ғосманұлы – «Бұрабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы мемлекеттік кәсіпорының Жалайыр орман шаруашылығының орман шаруашылық шебері;
Калантиренко Андрей Алексеевич – «София» ЖҚ басшысы;
Қарабасов Алтынбек Дәуренбекұлы – «Өркен атансор» ЖШС жоспарлау бойынша инженері;
Шаймерденов Бауыржан Маратұлы – 21 өт сәндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғаныс капитаны.
Мерекелік кеш мағыналы әрі мазмұнды концерттік бағдарламаға ұласты. Шөжегі тарихымыздан сыр шертер әсем әнгер әулеті, арнаулар айтылып, ұлттық аспаптардан күй кұмбілге, патриоттық бағыттағы туындылар шырқалды.



• Адал азамат

Жастармен кездесу – саналы болашақ кепілі

Қазан айында жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен ауданымызға қарасты Тасшалқар, Андықожа батыр, Аңғал батыр, Кеңазы, Еңбек, Үлгі ауылдарында, сондай-ақ қаламыздың №1 және Абай атындағы №2 жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушыларымен ақпараттық-түсіндіру кездесулері өтті.
Кездесудің басты мақсаты – жас ұрпақтың құқықтық және рухани сауатылығын арттыру, оларды қоғамдағы түрлі теріс ықпалдардан сақтандыру және болашақ өмірлік таңдауларына бағыт-бағдар беру болды.
Іс-шараға жастар ресурстық орталығының директоры Арман Жасырбайұлы Әлжанов, ішкі саясат бөлімінің бас маманы Ильдар Равильевич Хадиев, «Сарбат-Ақжол» оңалту орталығының теолог маманы Бахтияр Серікұлы Смадыров, сондай-ақ аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері қатысты.
Кездесу барысында жастарды топандыратын және қоғам үшін өзекті бірнеше тақырып кеңінен қозғалды.
Түлектерге арналған мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер жөнінде сөз сөйлеген мамандар оқушыларға жоғары оқу орындары мен колледждерге түсу тәртібі, мемлекеттік гранттар, облыс және аудан әкімдерінің атаулы стипендиялары, сондай-ақ жұмыспен қамту бағдарламалары туралы жан-жақты ақпарат берді.

Рухани және құқықтық тәрбие мәселесінде деструктивті діни ағымдардың, экстремизм мен терроризмнің алдын алу тақырыптары талқыланып, жастарға ұлттық және рухани құндылықтарға адал болу, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту маңыздылығы түсіндірілді.
Сонымен қатар, нашаркорлық пен курьерлік қызметтің қауіптілігі жайында нақты деректер мен мысалдар келтіріліп, «жеңіл ақша» үдесіне сенудің соңы қылмыстық жауапкершілікке әкелетіні атай өтілді.
Кездесу барысында бүлгір пен кибержауапсыздық тақырыптары да назардан тыс қалған жоқ. Мамандар бүлгірдің түрлері мен одан қорғану жолдарын түсіндіріп, интернет алаяқтарынан сақтану және «дропер» қызметінің заң алдындағы салдары туралы ескертті. «Алаяқтардың құрбаны болып қалмаңыз!» «Жеңіл ақша» артында – түрме мен өкініш жатыр, - деген ой жастарға ерекше әсер өтті.
Мұндай мазмұнды кездесулер жас ұрпақтың бойында азаматтық жауапкершілікті қалыптастырып, өз болашағына саналы көзқараспен қарауға үйретеді. Жастарға бағытталған осындай бастамалар қоғамның рухани және әлеуметтік дамуына зор үлес қосары анық.

Қанат ҚҰСАЙЫНОВ,
жастар ресурстық орталығының SMM-менеджері.



Құрмет – ардагерлердің лайықты сыйы

Қоғамның дамуы мен бейбіт өмірдің негізін қалаған ардагерлер – елдің тірегі, ұлттың намысы. Олар өз өмірін туған елінің болашағына арнаған, қиындық пен қатерге төтеп берген адамдар. Сондықтан ардагерлерге құрмет көрсету – тек әлеуметтік міндет емес, әр азаматтың моральдық борышы болып табылады.
Ардагерлердің батылдығы, табандылығы мен адалдығы ұрпаққа өлшеусіз өмірлік сабақ болып табылады. Қиын сәттерде ел үшін күрескен ардагерлердің тарихын білу – ұлттық сананы қалыптастыруға және патриоттық сезімді оятуға септігін тигізеді. Сол себепті мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында ардагерлермен кездесіп, олардың естеліктерін тыңдау маңызды.
Қоғамда ардагерлерге құрмет тек сөзбен емес, нақты істермен де көрініс табуы керек. Бұл – оларға әлеуметтік қолдау көрсету, тұрмыс жағдайын жақсарту және медициналық көмекпен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, ардагерлердің өмірлік тәжірибесін жастарға жеткізу – олардың еңбегін мәңгі есте сақтаудың тиімді жолы.
Республика күні мен қарттар айлығы аясында аудан әкімі Бауыржан Қасенов ауданымыздың қадірлі тыл еңбеккерлерінің үйлеріне барып, оларды мерекелермен шын жүректен құттықтады.
Кездесу барысында Бауыржан Қазыбекұлы ардагерлерге Отанға сіңірген ерен еңбектері үшін шынайы ағысын білдіріп, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр мен амаңдық тіледі.
Ардагерлер өз көзіндегі ризашылықтарын айтып, бүгінгі тыныш және бейбіт өмірдің қамтылуына қызығумен атап өтті. Мұндай жылы кездесулер дестүрлі түрде аудан тұрғындарының бір-біріне құрмет көрсетуіне, тарихи естеліктерді жаңғыртуға және жас ұрпаққа үлгі болуға септігін тигізеді.
Ауданымыздағы осындай шаралар қоғамдағы бірлік пен тағулықты арттырып, әр тұрғынның жүрегінде жылы естеліктер қалдырады. Ардагерлердің өмірі мен еңбегі – ұрпаққа сабақ, ал оларға көрсетілген құрмет – біздің мәдениетіміздің айнасы. Сондықтан ардагерлердің еңбегін бағалау және олардың қадірін сақтау – әрбіріміздің парызымыз.

Қуаныш НУРКУШЕВА.



• «Таза Қазақстан» акциясы

Таза Қазақстан – таза болашақтың кепілі

Қазақстанда жыл сайын өткізіліп жүрген «Таза Қазақстан» республикалық акциясы – табиғатты аялау, қоршаған ортаны таза ұстау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. Бұл акция әрбір азаматтың туған жерге деген сүйіспеншілігі мен экологиялық жауапкершілігін арттыруға қызмет етеді.
Осы орайда, балалар музыка мектебінің ұжымы бұл игі бастаманы зор ынталмен қолдап, жыл сайынғы сенбіліктерге белсенді қатысып келеді. Мектеп ауласына келген адам бірінші сәттен-ақ ұқыптылық пен тазалықты байқай алады. Барлық аумақ үнемі сыпырылып, қоқыссыз, рет-ретімен сақталады. Әрбір оқушы мен ұстаз өз мектебінің ауласын таза әрі көрікті етуге үлкен жауапкершілікпен қарайды.
Мектеп ауласы жасыл желекке толы. Көктемде ағаш отырғызу мен күл өту дәстүрге айналған. Бұл іс-шаралар оқушылардың бойында табиғатқа жақындық, еңбекқорлық және жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Түрлі-түсті гүлзарлар мектеп ауласына жылылық пен шаттық сыйлап, балалардың көңіл-күйін көтереді.
Сонымен қатар, орындаушылар сырпанып, демалуға арналған жайлы аймақтар жасақталған, бұл тек сырты көрініс емес, тәрбиелік мәні зор экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолы болып өтті.
«Таза Қазақстан» акциясы аясында мектепте сенбілік ұйымдастырылды. Мектеп ұжымы мен мұғалімдер белсенді қатысып, аумақты қоқыстан, құрал қалған ағаш жапырақтарынан тазалады. Барлық қызметкерлер бірігіп еңбек етіп, мектеп аумағын көріктендіріп, таза және жайлы орта жасады.
«Таза Қазақстан бізден басталады!» - деген ұранмен өткен сенбілік әрбір қатысушыға қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын еске салып, мектеп ұжымының бірлігін нығайтты. Мұндай бастамалар жастарға үлгі болып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға зор үлес қосады.

Дина АҚЫШЕВА.

Қоғамдық тыңдаулар

«Бұрабай» МҰТП ММ 2025 жылғы 3 желтоқсанда сағат 10:30-да Ақмола облысы, Макинқа ауылы, Қонаев көшесі 6 мекенжайы бойынша «Бұрабай» МҰТП ММ объектілері үшін ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>). Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды ЖАО-ға электрондық поштаға жіберуге болады: expresso@mail.ru.

Есер ету аумағы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Макинский а/о, Макинқа ауылы, Киров көшесі 6, Бұланды орманшылығы, Бұланды орманшылығының географиялық координаттары: 52.581587, 70.588585; 52.582004, 70.589508; 52.582499, 70.588660; 52.582167, 70.587888.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО сайтында және «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында берілген.

Zoom конференциясына мына сілтеме арқылы қосылуға болады: <https://us04web.zoom.us/j/74875177154?pwd=RpeaEaGjHk5k4T05V8cR2laN4.1>

Конференция идентификаторы: 748 7517 7154

Кіру коды: jg2TeZ

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Бұрабай» МҰТП ММ, Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Бұрабай кенті, Кенесары көшесі, 476 үй

БСН 940740000911, тел: 7 (71636) 7-12-36, эл.пошта: parkburabay@parkburabay.kz.

Әзірлеуші: «ЭКОС» ЖШС, Астана қ., Иманов к-сі, 9, ВП5, БСН 950 740 001 238. Байланыс: 8 (7172)21-22-21, эл. пошта: info@ecosid.kz.

Қоғамдық тыңдаулар

«Бұрабай» МҰТП ММ 2025 жылғы 3 желтоқсанда сағат 12:00-де Ақмола облысы, Бұланды ауылы, Қонаев көшесі 1 мекенжайы бойынша «Бұрабай» МҰТП ММ объектілері үшін ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>). Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды ЖАО-ға электрондық поштаға жіберуге болады: expresso@mail.ru.

Есер ету аумағы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Бұланды ауылы, Қонаев көшесі 1, Жалайыр орманшылығы, Жалайыр орманшылығының географиялық координаттары: 52.654564, 70.476528; 52.654246, 70.477064; 52.654623, 70.477836; 52.654851, 70.477493; 52.655033, 70.477740; 52.655118, 70.477461.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО сайтында және «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында берілген.

Zoom конференциясына мына сілтеме арқылы қосылуға болады: <https://us04web.zoom.us/j/7955892153?pwd=xN0J8QZL2Tnm6M6D7bNTMlLnZ6bX.1>

Конференция идентификаторы: 795 5589 2153

Кіру коды: U3SEAT

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Бұрабай» МҰТП ММ, Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Бұрабай кенті, Кенесары көшесі, 476 үй

БСН 940740000911, тел: 7 (71636) 7-12-36, эл.пошта: parkburabay@parkburabay.kz.

Әзірлеуші: «ЭКОС» ЖШС, Астана қ., Иманов к-сі, 9, ВП5, БСН 950 740 001 238. Байланыс: 8 (7172)21-22-21, эл. пошта: info@ecosid.kz.

Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «АМАНАТ 111» БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

♥ ЕГЕР СЕНІ ҰРЫП-СОҚСА

♥ ЕГЕР САҒАН КӨМЕК КЕРЕК БОЛСА

♥ ЕГЕР СЕНІ БІРЕУ ҚОРҚЫТСА НЕМЕСЕ РЕНЖІТСЕ

♥ ЕГЕР ӨЗІңЕ НЕМЕСЕ ДОСЫҢА ҚАУІП ТӨНІП ТҮРСА

111 нөміріне хабарлас

Қоңырау шалу арқылы өзіңнің немесе жақындарыңның өмірін сақтап қаласың!

Қоңырау шалу тегін!



Сіз өмірлік қиын жағдайдағы отбасын білсеңіз

Сізге тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері белгілі болса

Балаларға қауіп төндіретін нысандарды көрсеніз

111 нөміріне хабарласыңыз

ТЕЛЕДИДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

ДҮЙСЕНБІ
3 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

06:00, 03:50 Әнұран 06:05
Инжу-маржан 07:00 Таңшолпан
09:00 Т/х "Қыз тағдыры"
10:00, 13:00, 17:00, 20:00,
01:45 Ақпарат 10:10, 18:00
Т/х "Бір сен үшін" 12:10, 04:55
Қызық екен... 13:10 Т/х "Сөзім
толқыны" 14:10, 03:00 Алта
15:00 Сағындырған әндер-ай
16:00, 00:10 Т/х "Жалған өмір"
17:20, 01:00 Қазір айтайық
20:30 Т/х "Жүрекеті мұз"
22:20, 02:15 Ашық алаң 23:10
1001 тун 03:55 Сана 05:30
Ауылдастар

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Восточные
сладоности" 07:00 Ояң! 10:00,
18:00 Новости 10:10 Глобальные
события 10:30 М/с
"Лунтик" 11:00 Реалити-шоу
"Шеберлер шайқасы" 12:00,
20:00 Т/х "Ғашықтың тілі"
13:45, 21:45 Т/х "Жарық күн"
14:30 Хақың бар 14:50, 19:30
Жаналықтар 15:00 Әзекті
15:30 Айтсы айнасы 18:30
Пульс планеты 19:00 Жер-жаһан
22:40 КешREC 23:40
Концерт "Сеніммен мен" 01:40
Т/с "Перекресток"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 02:50 П@утина 07:00,
19:00 Көгімиз-шоу 08:00
Қайырлы таң, Қазақстан!
09:00 Доброе утро, Казах-
стан! 10:00 Лучшее все-
гда 14:10, 02:30 Новости 14:20,
02:40 Жаналықтар 14:30
QosLike 18:30, 03:35 Басты
жаңалықтар 20:00 Главные
новости 20:30 Т/с "Невский".
Расплата за справедливость"
01:20 Т/с "Два цвета страсти"

СЕЙСЕНБІ,
4 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05, 10:00,
13:00, 17:00, 20:00, 03:40
Ақпарат 06:35 Көңіл толқыны
07:00 Таңшолпан 09:00 Т/х
"Қыз тағдыры" 10:10, 18:00
Т/х "Бір сен үшін" 12:10
Қызық екен... 13:10 Т/х "Сөзім
толқыны" 14:25 Көз палата
14:50 Әлем және біз 15:05
Сағындырған әндер-ай 16:00,
00:10 Т/х "Жалған өмір" 17:20,
03:00 Қазір айтайық 20:30 Т/х
"Жүрекеті мұз" 22:20, 04:10
Ашық алаң 23:10 1001 тун
00:50 Футбол УЕФА ЧЛ. Жалпы
көзек "Ливерпуль" - "Реал
Мадрид" 04:50 Ауылдастар

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Восточные
сладоности" 07:00 Ояң! 10:00,
18:00 Новости 10:10 Неосет
10:30 М/с "Лунтик" 11:00 Бегом
за деньгами 12:00, 20:00 Т/х
"Ғашықтың тілі" 13:45, 21:45
Т/х "Жарық күн" 14:30 Носона
14:50, 19:30 Жаналықтар 15:00
Әзекті 15:30 Әсем әндер 18:30
Пульс планеты 19:00 Жер-жаһан
22:40 КешREC 23:40 Концерт
01:40 Т/с "Перекресток"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 02:50 П@утина 07:00,
19:00 Көгімиз-шоу 08:00
Қайырлы таң, Қазақстан!
09:00 Доброе утро, Казах-
стан! 10:00 Жить здорово!
11:00 Модный приговор 12:00
Давай поженимся! 13:00 Т/с
"Любить и ненавидеть" 14:10,
02:30 Новости 14:20,
02:40 Жаналықтар 14:30
QosLike 18:30, 03:35 Басты
жаңалықтар 20:00 Главные
новости 20:30 Т/с "Невский".
Расплата за справедливость"
01:20 Т/с "Два цвета страсти"

СӨРСЕНБІ,
5 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05,
10:00, 13:00, 17:00, 20:00,
04:30 Ақпарат 06:35 Көңіл
толқыны 07:00 Таңшолпан
09:00 Т/х "Қыз тағдыры"
10:10, 18:00 Т/х "Бір сен үшін"
12:10 Қызық екен... 13:10
Т/х "Сөзім толқыны" 14:20
Зан алдында 14:40 Тұлға
15:20 Сағындырған әндер-ай
16:00, 03:00 Т/х "Жалған өмір"
17:20, 03:50 Қазір айтайық
20:30 Т/х "Жүрекеті мұз"

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Восточные
сладоности" 07:00 Ояң! 10:00,
18:00 Новости 10:10 Культур-
ный контекст 10:30 М/с "Лун-
тик" 11:00 Бегом за деньгами
12:00, 20:00 Т/х "Ғашықтың
тілі" 13:45, 21:45 Т/х "Жарық
күн" 14:30 Арнайы репортаж
14:50, 19:30 Жаналықтар 15:00
Әзекті 15:30 Әсем әндер 18:30
"Қоғам пікірі" саяси ток-шоуы
22:40 ОйналQ 23:40 Концерт

ДҮЙСЕНБІ
3 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

22:20, 05:00 Ашық алаң 23:10
1001 тун 00:20 Футбол Матч
карсындар 00:50 Футбол.
УЕФА ЧЛ. Жалпы көзек "Ин-
тер" - "Кайрат"

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Восточные
сладоности" 07:00 Ояң! 10:00,
18:00 Новости 10:10 Народ-
ный контроль 10:30 М/с "Лун-
тик" 11:00 Бегом за деньгами
12:00, 20:00 Т/х "Ғашықтың
тілі" 13:45, 21:45 Т/х "Жарық
күн" 14:30 Біздің назарда 14:50,
19:30 Жаналықтар 15:00 Әзекті
15:30 Көзқарас 18:30 Пульс
планеты 19:00 Жер-жаһан
22:40 КешREC 23:40 Концерт
"Қазақтың жігіттері" 01:10 Т/с
"Перекресток"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 02:50 П@утина 07:00,
19:00 Көгімиз-шоу 08:00
Қайырлы таң, Қазақстан!
09:00 Доброе утро, Казах-
стан! 10:00 Жить здорово!
11:00 Модный приговор 12:00
Давай поженимся! 13:00 Т/с
"Любить и ненавидеть" 14:10,
02:30 Новости 14:20,
02:40 Жаналықтар 14:30
QosLike 18:30, 03:35 Басты
жаңалықтар 20:00 Главные
новости 20:30 Т/с "Невский".
Расплата за справедливость"

БЕЙСЕНБІ,
6 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

06:00, 04:45 Әнұран 06:05
Футбол. УЕФА ЧЛ шолуы 07:00
Таңшолпан 09:00 Т/х
"Қыз тағдыры" 10:00, 13:00,
17:00, 20:00, 04:15 Ақпарат
10:10, 18:00 Т/х "Бір сен үшін"
12:10 Қызық екен... 13:10
Т/х "Сөзім толқыны" 14:20,
03:40 Жұлдызды жүзесу
15:00 Сағындырған әндер-ай
16:00 Т/х "Жалған өмір" 17:20,
03:00 Қазір айтайық 20:30 Т/х
"Жүрекеті мұз" 22:20, 04:50
Ашық алаң 23:10 1001 тун
00:10 Т/х "Жалған өмір" 00:50
Футбол. УЕФА ЕЛ. "Рейнджерс"
- "Рома" 05:30 Ауылдастар

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Восточные
сладоности" 07:00 Ояң! 10:00,
18:00 Новости 10:10 Неосет
10:30 М/с "Лунтик" 11:00 Бегом
за деньгами 12:00, 20:00 Т/х
"Ғашықтың тілі" 13:45, 21:45
Т/х "Жарық күн" 14:30 Носона
14:50, 19:30 Жаналықтар 15:00
Әзекті 15:30 Әсем әндер 18:30
Пульс планеты 19:00 Жер-жаһан
22:40 КешREC 23:40 Концерт
01:40 Т/с "Перекресток"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 02:50 П@утина 07:00,
19:00 Көгімиз-шоу 08:00
Қайырлы таң, Қазақстан!
09:00 Доброе утро, Казах-
стан! 10:00 Жить здорово!
11:00 Модный приговор 12:00
Давай поженимся! 13:00 Т/с
"Любить и ненавидеть" 14:10,
02:30 Новости 14:20,
02:40 Жаналықтар 14:30
QosLike 18:30, 03:35 Басты
жаңалықтар 20:00 Главные
новости 20:30 Т/с "Невский".
Расплата за справедливость"

ЖҰМА,
7 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05 Фут-
бол. УЕФА ЧЛ шолуы 07:00
Таңшолпан 09:00 Т/х "Қыз
тағдыры" 10:00, 13:00, 17:00,
20:00, 02:30 Ақпарат 10:10,
18:00 Т/х "Бір сен үшін" 12:10
Қызық екен... 13:10 Т/х "Сөзім
толқыны" 14:20 Бөрекеді
15:40, 03:40 Заң алдында
16:00, 00:55 Т/х "Жалған өмір"
17:20, 01:45 Қазір айтайық
20:30 Т/х "Жүрекеті мұз" 22:20,
03:00 Ашық алаң 23:10 "Ұнай-
ды маған". Күнделік 23:20 1001
тун 00:20 Парасат майданы
04:00 Сана 05:00 Ауылдастар

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Восточные
сладоности" 07:00 Ояң! 10:00,
18:00 Новости 10:10 Культур-
ный контекст 10:30 М/с "Лун-
тик" 11:00 Бегом за деньгами
12:00, 20:00 Т/х "Ғашықтың
тілі" 13:45, 21:45 Т/х "Жарық
күн" 14:30 Арнайы репортаж
14:50, 19:30 Жаналықтар 15:00
Әзекті 15:30 Әсем әндер 18:30
"Қоғам пікірі" саяси ток-шоуы
22:40 ОйналQ 23:40 Концерт

"Биле" 01:40 Т/с "Перекресток"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:20 П@утина 07:00,
19:00 Көгімиз-шоу 08:00
Қайырлы таң, Қазақстан!
09:00 Доброе утро, Казах-
стан! 10:00 Жить здорово!
11:00 Модный приговор 12:00
Давай поженимся! 13:00 Т/с
"Любить и ненавидеть" 14:10,
02:30 Новости 14:20,
03:10 Жаналықтар 14:30
QosLike 18:30, 04:05 Басты
жаңалықтар 20:00 Главные
новости 20:30 Парламент
online 20:55 Пове чудес 22:15
Т/с "Расплата за счастье"

СЕНБІ,
8 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05, 17:00,
01:15 Ақпарат 06:30 Т/х
"Бізбен бірге" 07:15 Футбол
УЕФА ЕЛ шолуы 08:05 М/с
"Бетперделі қаһармандар"
08:50, 02:50 Көңіл толқыны
09:50 "Ұнайды маған".
Күнделік 10:00, 18:00 Т/х
"Бір сен үшін" 12:00 "Ұнай-
ды маған". Cover keshi.
Музыкалық шоу 14:15 Т/х
"Көршінің қызы" 15:10 "Бөрі
есімде" шығармашылық
кеші 17:20, 01:35 Көз палата
17:40, 01:55 Әлем және біз
20:00 "Ұнайды маған" Cover
keshi. Музыкалық шоу 21:50
Т/х "Жүрекеті мұз" 22:45
К/ф "Біржан сал" 02:15 Тұлға
03:50 "Әлемді өзгертіп көме
апаттары" 04:35 Ауылдастар

ХАБАР

05:00 Мандай төр 06:15 Кім
мықты? 07:30 Концерт "Мен
жайлы..." 09:30 Президент-
ский резерв 10:00 М/ф "Зве-
ринский рейс" 11:00 М/с "Ла-
резна и дракон" 12:00 Х/ф
"Секретная штаб-квартира"
14:00 Реалити-шоу "Ше-
берлер шайқасы" 15:15 The
Voice Казахстан 17:15 ОйналQ
18:15 Жекпе-жек Айтсы 19:45
Алғашқы 20:45 Қызық times
22:00 7 күн 22:40 Жұмыр жер
23:00 Х/ф "Звездный путь"

ЕВРАЗИЯ

06:00 Той базар 07:00,
03:40 П@утина 09:00 Х/ф
"Триггеринг" 11:15 Т/с "Кля-
ны любви и дракон" 16:15
ОйналQ 17:00 Жұлдызды жол
19:00 Көгімиз-шоу 20:00 Асау
жаналықтар 20:35 Зан мен
ел 21:00 Т/с "Мосгаз. Дело
№ 11. Розыгрыш" 01:45 Х/ф
"Французский мастер"

ЖЕКЕСЕНБІ,
9 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05
Ақпарат 06:35 Көңіл толқыны
07:15 М/с "Бетперделі
қаһармандар" 08:05, 16:40
Көңіл толқыны 09:00 Ақсауыт
09:20, 01:40 Теледирігер
10:00, 18:00 Т/х "Бір сен
үшін" 12:00 "Ұнайды маған".
Cover keshi. Музыкалық шоу
14:15 Теміржолшы 14:45 Т/х
"Көршінің қызы" 20:00 Алта
20:50, 01:30 Ақорда 21:00 Т/х
"Жүрекеті мұз" 21:55, 02:55
Бөрекеді 23:25 Нартәуекел
00:40 Алта 02:10 Күміс кемеі
04:05 "Әлемді өзгертіп көме
апаттары" 04:50 Ауылдастар

ХАБАР

05:00 Мандай төр 06:15 Кім
мықты? 07:30, 16:15 Әсем
әндер 08:00 Концерт "Ұлы
дала жүрген" 10:00 Азамат
11:15 емір өрнегі 12:15 Х/ф
"Звездный путь" 14:45 М/ф
"Коспел: школа страха" 16:00
М/с "Царевна и дракон. Ма-
гическая книга" 17:00 Қызық
times 18:15 Х/ф "Бишарашки"
20:00 The Voice Казахстан
22:00 7 күн 22:40 Глобальные
события 23:00 Х/ф "Секрет-
ная штаб-квартира"

ЕВРАЗИЯ

06:00 Той базар 07:25,
03:05 П@утина 09:35 Повара
на колесках 10:40 Т/с "Нерас-
крытый талант" 15:20 Две
звезды. Семейный подряд
17:45 Х/ф "Танго игольница"
20:50 Аңалитика 20:50 Т/с
"Мосгаз. Дело № 11. Розы-
грыш" 01:40 Что? Где? Когда?



Қарттарға құрмет – қоғамның парызы

Қарттар – өмірдің көне күегі, елдің тірегі мен ұрпақтың ұлағатты ұстазы. Олар – ерен еңбегімен ел дамуына үлес қосқан, өмір жолында талай сынақтан сүрінбей өткен ақыл мен парасаттың иелері.

Қазақ халқы ежелден үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрін ерекше бағалаған. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп халқымыз бекер айтпаған. Себебі, қарттарымыз – біздің рухани байлығымыз, ұлттың өткенін ұлықтап, кейінгіге өнеге көрсететін алтын көпір. Сондықтан аға буын өкілдеріне құрмет көрсету – әрбір азаматтың адамдық борышы, қоғамның басты құндылығы болып қала бермек.

Осы орайда, қазан айының 22 жұлдызында Степняк қаласы әкімі Самат Қайырбекұлы мен қала әкімдігі Қарттар айлығына арналған ерекше мерекелік шара ұйымдастырды.

Қаладағы «Пирамида» кафе-сіндіе зейнеткерлерге арналған дәстүрлі дастархан жайылып, аға буын өкілдері бір-бірімен жүздесіп, қуанышты сөттерге толы көштің күесі болды.

Бұл игі іс-шараның басты мақсаты – көп жылдық өмірлік тәжірибесімен, еңбегімен ел дамуына үлес қосқан қарттарымызға құрмет көрсету, оларға жылы сөз бен шынайы алғыс білдіру еді.

Мерекелік басқосуға аудан әкімі Бауыржан Қасенов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркін Сыдықов және қаланың бірқатар қоғамдық ұйым өкілдері қатысты. Олар жиналған қарияларды Қарттар айлығымен

құттықтап, дендеріне саулық, отбасыларына амандық тіледі.

– «Сіздердің өмірлік жолдарыңыз – кейінгі ұрпақ үшін өнеге. Қарттарға құрмет көрсету – біздің азаматтық және адамдық борышымыз», – деді аудан әкімі Бауыржан Қайырбекұлы өз сөзінде.

Кеш барысында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, әсем өннен шашу шашты. Ардагерлер қауымы олардың өнерін ризашылықпен тыңдап, бірге қосылып ән айтып, би де биледі.

Мерекелік дастархан басында жылы тілектер мен естеліктер айтылып, қариялар өздеріне көрсетілген құрмет пен қамқорлыққа алғыстарын білдірді.

«Бізді ұмытпай, осындай жиындар ұйымдастырып тұрғандарыңызға рахмет. Көңіл болудың өзі – үлкен сыйлық», – деді жиналған ата-әжелердің бірі.

Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен демеушілер – «Аскоп» ЖШС, «Лебедева Г.М.» жеке кәсіпкерлігі және «Фруктовый рай» дүкенінің басшыларына қала тұрғындары мен ұйымдастырушылар атынан зор ризашылық білдірілді.

Қоғамда осындай әлеуметтік бастамаларды қолдап жүрген жомарт жандардың көп болуы – бірлік пен мейірімнің айғағы.

Қарттарға құрмет көрсету – өткенге тағзым, болашаққа өнеге. Қаламызда өткен бұл игілікті шара соның айрық дәлелі болды.

Қуаныш НУРКУШЕВА.

Елін сүйген ер еді...

«Біреу мініп келместің кемесіне, біреу күтіп әнәкөй жағада тұр...», – деп аяуық ақынның жырлап өткендей, осы күні көз көрген, ақыл көнін арқаалаған қарттарымыз азайып барады. Егер тек ағалар ғана болса, бұл жолда жүретін аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміздің бүгінгі күні саясаттың басымен сенарлықтай ғана қалды. «Қарты бар үйдің – құты бар» дегендей, сол қарияларымыз барда ақылшымыз, панамыз бардай еді, барын игілі, үйді-үйге кіріп, құран оқып, айт шайын ішіп, баталарын беріп кететін еді, осы күні сол қарияларымыздың арасы сиреп, тіпті айт күні де естілмейді ешкім ашпайтын болды.

Бүгінгі шағын мектепте жүзі жасырынбай, үлгермеген Қызылұлым ауылының тумасы, көз тірісінде қадірлі де, сыйлы болған ағамыз – Тұрсынбеков Қадырбек Тұрсынұлы туралы жазуды жөн көрдім. Ағамыз дүниеден өтті дегенде, ауылда көзін аса алмаған жан қалмаған шығар, тіпті мектептегі балалардың өзі қимас сөзінде болып, көздері жасқа толды.

Ағамыз атына заты сәй, ел ішінде ете қадірлі жан болды. Бірнеше жыл ел басқарып бригадир болды, адам қызмет етті, ауылдың қамын ойлап, ауыл көшелеріне сара жолды салғызған да сол кісі еді. Ауылдың әрбір тасын, әрбір қысын, әрбір жердің атауының тарихын жатқа білуші еді. Ағамыз сөзге шешен, білімді, көзі ашық жан болды. Біздің мектептің шағын кітапханасында ол кісі оқымаған кітап жоқ, тіпті жиналған газет топтамаларын да түгеп оқып шыққан еді. Саясаттан хабары бар ағамыз көптің арасында білімді екенін талай дәлелден еді. Ол кісінің болашақты, кейде ауа-райын да болжайтын өнері бар еді, себебі ел азаматтары егінді қашан егіп, орақты қашан орау керектігін сол кісімен ақылдасушы еді. Бір сөзбен айтқанда, ауылымыздың көркі, ұйытқысы еді.

Өз басым ағамызды туғанымдай жақсы көріп, қатты сыйладым. Көрген жерде атымды атаймы, «Балам» деуші еді және ең алдымен мектептің, балалардың жағдайын сұраушы еді. Мектептің бір кірпіші түсіп қалса, соны қайта қалағанда, уайымдап жүретін. Көзінде мектеп жабылмаса екен деп ауырлық жүргенне қарамастан, облыс әкімінің алдына барған да сол кісі еді, себебі қазақтың бекініне айналған ауылдың ұйытқысы мектеп өкілі ол кісі жақсы білуші еді. Әрбір оқу жылы басталысымен мектепке



келіп, мектептің жағдайын, ағамды өткізілген жөндеу жұмыстарын қарап, оқышылармен, мұғалімдермен сөйлесіп, ақыл-кеңесін беріп, біздер ол кісіні қадімгідей ақылшымыз, ақсақ сүйер тірегіміз санайтынбыз. Быыл 2025-2026 оқу жылын бастағанда ағамыздың жоғы білініп, орны ойсырап тұрды.

Әрине, келешек ұрпаққа осынау тау тұлғалы қарттарымыздың өнегелі өмірін, ақыл-кеңестерін, тәлім-тағылымдарын, ғибрат болар сөздерін бойларына сіңіріп, тербілеу – бүгінгі күнгі біздің міндетіміз.

«Көрісі кімнің бар болса, хаты соның қолында», – демекші, ауылымыздың ұйытқысы болып отырған асыл жандардың ортасы сірмей, тұмырлары ұзақ болып, қарттарын аман сау жүрсен екен...

Ақбаян КӨПЕНОВА,
Қызылұлым ауылының келіні.



Өмір мен өрт ортасындағы ерлік

Қазан айында ауданымызға қарасты Үлгі ауылында болған өрт оқиғасы барша жұрттың жүрегін елжіретті.

Кешкі уақытта басталған тілсіз жау әп-сәтте үйді жалмап, бес бірдей баланың өмірін қатерге тікті. Алдын ала мәлімет бойынша, өрттің шығуына электр сымдарының қысқа тұйықталуы себеп болған. Жалын үй ішін тез шарпып, қою түтін мен от балаларды қамап қалған сәтте, олардың аналары Юлия Черкасская көрші ауылда жұмыс істеп жүрген.

Өрт басталғанда екі бала сыртқа шығып үлгерсе, үшеуі үй ішінде қалып қойған. Дәл осы кезде көшеден өтіп бара жатқан ауыл тұрғыны Ерлан Тоқсанбаев пен оның баласы Мирас жалындаған үйді көріп қалып, еш ойланбастан көмекке ұмтылған. Ерланның айтуынша, олар келгенде сыртта екі бала тұрған, ал үшеуі үйде қалып қойғанын білген соң, Мирас терезені сындырып, ішке кіріп, балаларды іздей бастаған. Бірінші рет таба алмай шыққан соң, әкелі-балалы екеуі басқа бөлменің терезесінен жылап тұрған қыз баланы байқап, өйнекті ітеріп ашып, оны сыртқа алып шыққан. Сол сәтте диванда отырған тағы екі баланы көріп, оларды да қауіпсіз жерге шығарған. Барлық бала аман шыққан соң, Ерлан үй ішіндегі газ баллонды сыртқа шығарып үлгергенімен, қалған екі баллон өрт сөндірушілер келгенше жарылып, үйдің күлін көкке ұшырған.

Өрт сөндіру қызметі тілсіз жауды 40 минутта ауыздықтады. Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Денис Шелкопсысовтың айтуынша, өрттің нақты себебі – электр сымдарының қысқа тұйықталуы.

Өрт кезінде үйде болмаған көпбалалы ана

Юлия Черкасская: «Балаларымды өрттен аман алып шыққан Ерлан мен Мирасқа өмір бойы алғыс айтамын. Үлкен қызым бауырларын сыртқа алып шыққанымен, өзі қайта қайтпай қалған. Сол сәттің қорқынышын ұмыта алмай, әлі күнге дейін күйзеліп жүр. Ең бастысы – балаларым аман. Ауылдастарымыз киім-кешек, азық-түлік әкеліп, қолдау көрсетіп жатыр», – деп көзіне жас алды.

Қазір отбасы уақытша баспанға орналастырылып, ауыл тұрғындары бірігіп, үйді қайта тұрғызу үшін қол ұшын созуда. Ерлан мен Мирастың бұл әрекеті ауыл жұрты үшін нағыз ерліктің, адамгершіліктің және азаматтық борыштың жарқын көрінісі болды.

Республика күні қарсаңында департамент бастығы Бақытжан Алашов Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің атынан Ерлан және Мирас Тоқсанбаевтарды, сондай-ақ Злата Черкасскаяны «Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалімен марапаттады. Сонымен қатар Злата Черкасскаяға естелік сыйлық табыс етілді.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген Бақытжан Алашов бұл азаматтардың батылдығын, жанқиярлығын ерекше атап өтіп: «Осындай ержүрек адамдардың арқасында қоғамда мейірім мен жауапкершілік арта түседі. Олар – айналасындағы адамдардың өмірін өз өміріндей қадірлейтін нағыз батырлар», – деді.

Үлгі ауылының осы бір оқиғасы тек бір отбасының емес, тұтас елдің жүрегіне жылу ұялатты. Ерлік пен қайсарлықтың бұл үлгісі – барша қазақстандыққа өнеге.

Қуаныш НУРКУШЕВА.

Өрт қауіпсіздігі айлығының үшінші кезеңі!

Біржан сал ауданында жылғы маусымныңдағы өрттердің алдын алу мақсатында өрт қауіпсіздігі айлығы жалғасуда. Айлықтың үшінші кезеңі аясында төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен бірлесіп, жеке тұрғын үйлерді аралау жұмыстарын жүргізуде. Негізгі назар көпбалалы отбасыларға, жалғызбасты қарттарға және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға аударылуда.

Рейд барысында тұрғындарға жылғы пештерін және электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері түсіндіріліп, өз қолдарымен жасалған электр жылытқыштарды қолдануға және электр желісін шамадан тыс жүктеуге болмайтын ескертіледі. Сондай-ақ, түтін мұржаларын уақытылы күйден тазалау қажеттілігі туралы

айтылды. Сонымен қатар, көміртегі тотығымен ұланудың алдын алу мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Азаматтарға желдету арналарының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету және пеш жақын кезде белгіме тазалау аяса кіруін бақылау қажеттілігі түсіндірілді.

Тұрғындарға өрт қауіпсіздігі жөніндегі пәрәзаштар мен жадынамалар таратылды. Өрт қауіпсіздігі айлығы жалғасуда. Төтенше жағдайлар қызметі аудан тұрғындарын өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға, сақтық шараларын ұстануға және өз өмірі мен жақындарының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға шақырады.

М.ДЖАМБЫЛОВ,
Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.



Меншік несі және шығарушы – «Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ – ВЕСТИ Еңбекшілерь» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС

Ақпараттық агенттіктің мерзімді баспа басылымы және жеделік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік 2024 жылғы 15 қарашадан № КЗ93У900105734 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.

Редактор В.УСТЫЯНЦЕВ
Жауапты хатшы Д. АҚЫШЕВА

Мекен-жайымыз: 020700, Ақмола облысы,
Степняк қаласы, Уахидхана көшесі, 3 үй.
Редакция тел.: 2-19-63.
Жарнамалар мен хабарландырулардың
мазмұнына жарнама беруші жауапты.
e-mail: gazetastep@mail.ru

“Дунасарава” жеке кәсіпкер офсеттік таспамен баспадан.
010005. Астана қаласы, А. Жұбанов көшесі, 24/1 үй.
Ақпаныс 1 рет.
Офсеттік таспамен баспадан,
көлемі 1 баспа табақ.
Тарауымыз 280. Таспауымыз 211
Индекс: 65651